


«гидроэтерификация» реакциясы деп атайды, себебі бұл реакцияның нәтижесінде сутегі атомы мен күрделі эфир тобы қос байланысқа қосылысады.



МКТ - металлкомплекті катализатор;
 X=OR, SR, NHR, NR₂, RCOO (R=H, Alk, Ar)

Олефиндерді гидроалкоксикарбонилдеу реакциясы үшін ұсынылған металлкомплекті катализаторлар ішінен іс жүзінде палладийдің фосфинді комплекстері негізіндегі каталитикалық жүйелер аса қызығушылық туғызады.

Алғаш рет PdL₄, PdHal₂L₂ (мұндағы L-үшіншілік фосфин) фосфинпалладий комплекстері спирттік ортада (50-100⁰C, қысым CO 30-70 МПа) этиленді, пропиленді, стиролды және басқа да бірқатар олефиндерді гидроэтерификациялау үшін қолданылған [16]. [17] жұмыста метилизобутилкетондағы PdCl₂L₂ (70⁰C, P_{CO}=13,6 МПа) қатысында бірқатар олефиндерді (C₃-C₂₀) гидрометоксикарбонилдеудің кинетикасы зерттелген. қ-Алкил тобы R бар α-олефиндер жағдайында, ішкі қос байланысы бар олефиндер жағдайындағыға қарағанда, реакция жылдамдығы бір реттілікке жоғары болған. Мұнда сызықты изомерге қатысты талғамдылығы 85-90% болған және алкил тобының R құрылымына байланыстылығы аз. Реакцияның жоғары талғамдылығын SnCl₂ промоторын пайдалану салдарынан деп жорамалдайды, оның қатысынсыз талғамдылық 60% аспайды. Трифенилфосфиннің фенил топтарына орын-басарлар енгізу жолымен фосфинді лиганд L құрылымын түрлендіру 1-гептенді гидроэтерификациялаудың (80⁰C, P_{CO}=24 МПа) талғамдылығына әсері аз, бірақ олефиннің конверсиясына әсер етеді. Реакцияның жүру механизмін айқындау үшін, бірқатар тәжірибелерде 1-октенді гидроэтерификациялау реакция соңында, жақсы каталитикалық активтілік және